

Докторантураның білім беру бағдарламаларына қабылдау

1. ҚазСТА докторантурасына қабылдау ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де табыс көздері есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады

Білім беру бағдарламалары тобы		Білім беру бағдарламасы	
Коды	Атауы	Коды	Атауы
8D01 - Педагогикалық ғылымдар			
D005	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	8D01401	Дене шынықтыру және спорт
8D11 - Қызмет көрсету			
D143	Туризм	8D11101	Туризм

2. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу тәртібі

Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

Өтініштерді қабылдау мерзімі жылына 2 рет жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 3 шілдесінен 3 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 1-18 қарашасы аралығында.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде өткізіледі:

- 1) күнтізбелік жылғы 4 тамызынан 20 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

Докторантураға түсуші тұлғалар ЖЖОКБҰ емтихан комиссиясы өткізетін *әңгімелесу нәтижелері* бойынша;

кешенді емтихан тапсыруға жіберіледі: эссе, оқуға дайындығына тест, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша жазбаша емтихан.

Докторантураға түсетін тұлғалар келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Ұйым басшысының атына өтініш;
- 2) Транскриптімен жоғары білім туралы құжат;
- 3) Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ);
- 5) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:

ағылшын тілі:

IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі:

Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, NiveauB2/B2 деңгейі),

TestDaF-Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі:

TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес),

DELFL (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейі,

DALFL (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B2 деңгейі,

TCF (Test de connaissance du franzaais), шекті балл кемінде – 50;

- 6) 075 нысанындағы медициналық анықтама.

- 7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

- 9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың қабылдау комиссиялары тексереді.

Құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек

Докторантураға түсуге арналған 100 балдық бағалау жүйесі мектебі

Тест түрлері	Балл саны
Оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу	20
Эссе жазу	10
Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден	30
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады	40
Барлығы	100